




# ***Сынып жетекшінің портфолиосы***

**5 «Ғ» сынып  
Қуанышева Динара**



**№1 орта мектебінің  
« 5» сынып жетекшісі  
Куанышева Динараның  
2018-2019 оқу жылына  
арнаған тәрбие жұмысының  
жоспары**



***Сынып тәрбие  
сағаттарына жазылған  
жоспарларды белгілеу папкасы***


*Тәрбие жұмысының басым бағыттары:*

***1. Қазақстандық  
патриотизм  
және азаматтық тәрбие,  
құқықтық тәрбие***




*Тәрбие жұмысының басым бағыттары:*

## *2. Рухани-адамгершілік тәрбие*




*Тәрбие жұмысының басым бағыттары:*

## *3. Ұлттық тәрбие*



*Тәрбие жұмысының басым бағыттары:*

## *4. Отбасы тәрбиесі*



*Тәрбие жұмысының басым бағыттары:*

***5. Еңбек, экономикалық  
және экологиялық  
тәрбие***





*Тәрбие жұмысының басым бағыттары:*

# *6. Спорт мәдениеті және көркем эстетикалық тәрбие*



ДИЗАЙН И ГРАФИКА  
WWW.OLIK.RU


*Тәрбие жұмысының басым бағыттары:*

# *7. Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі*



*Тәрбие жұмысының басым бағыттары:*

## *8. Дене тәрбиесі және салауатты өмір салты*



# ***I БӨЛІМ***

## ***Сынып жетекшісіне қатысты мәліметтер***



# *II БӨЛІМ*

## *Сыныпқа қатысты мәліметтер*



# *III БӨЛІМ*

## *Ата-аналармен жұмыс*



# *IV БӨЛІМ*

## *Тәрбие жұмысын жоспарлау*



# ***V БӨЛІМ***

## *Мерекелік дәстүрлі іс-шаралар жоспары*





# *Тәрбиенің басым бағыттары*



*Ашық тәрбие  
сағатының жоспары  
және мәліметі*



# *Өмірлік ұстаным.*

«Адамды тәрбиелеу – демек оның ертеңгі қуанышқа ие болатын келешек жолын тәрбиелеу»

*Н.  
Ә.Назарбаев.*

# Қазақстан-2030 Стратегиясы – ел дамуының 2030 жылға дейінгі кезеңге арналған стратегиялық бағдарламасы. 1997 жылы қазанда

қабылданған. Президент Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаған арнауында баяндалған.

Стратегияда көзделген мақсат – ұлттық бірлікке, әлеуметтік әділеттілікке, бүкіл жұртшылықтың экономикалық әл-ауқатын жақсартуға қол жеткізу үшін тәуелсіз, гүлденген және саяси тұрақты Қазақстан мемлекетін орнату. Осы мақсатқа орай мынандай ұзақ мерзімді негізгі бағыттар бөліп көрсетілді:

**Ұлттық қауіпсіздік:** аумақтық тұтастықты толық сақтай отырып, еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде дамуы. Мемлекеттің тұрақты түрде дамуын қамтамасыз ететін барлық қажеттіліктер шеңберіндегі бастапқы шарт – ұлттық қауіпсіздік және мемлекеттіліктің сақталуы. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі көрсеткіші ретінде демократиялы, индустриясы дамыған басты мемлекеттермен байланыстарды күшейту, халықаралық институттар мен форумдардың көмегі мен жәрдемін пайдалану қажеттігі атап көрсетілді. Мұның өзі халықар. қоғамдастық тарапынан **Қазақстанға** қолдау жасаудың жақсы жолға қойылуын, бай табиғи қорлардың тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді, Қазақстан азаматтарының өз еліне деген сүйіспеншілік сезімін арттырады. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету жұмысындағы сөзсіз басым бағыт сыртқы саяси қызметке, Қазақстанның өз көршілерімен және дүние жүзінің жетекші елдерімен өзара тиімді қатынастар қалыптастыруға саяды.

**Ішкі саясаттың орнықтылығы және қоғамның шоғырлануы:** бірлік – қоғам мен мемлекеттің одан әрі дамуының кепілі. Бұл салада барша азаматтар үшін тең мүмкіндіктің және барлық этн. топтар үшін тең құқықтың болуына кепілдік беру, ауқаттылар мен кедейлер арасындағы айырманы азайту, әлеум. мәселелерді шешу, саяси орнықтылық пен қоғамның шоғырлануын ұзақ мерзімге қамтамасыз ететін дәулетті Қазақстан мемлекетін орнату міндеті қойылды.

**Шетелдік инвестициялар мен ішкі жинақ қаражаттың деңгейі жоғары болатын ашық нарықтық экономика негізінде экономикалық өрлеу.** Негізгі қағидалары: мемлекеттің белсенді рөлін сақтай отырып, оның экономикаға араласуын шектеу, макроэкономиканы орнықтыру, экон. өрлеуді қамтамасыз ету, экономиканың нақты секторын сауықтыру, күшті әлеум. саясат жүргізу, қатаң қазыналық және монетарлық шектеулер жағдайында бағаны ырықтандыру, ашық экономика мен еркін сауда қатынасын орнату, энергет. және табиғи қорды өндіруді одан әрі жалғастыру, шетелдік инвестицияларды қорғау.

**Қазақстандықтардың денсаулығы, білім алуы және игілігі:** азаматтардың тұрмыс жағдайы мен деңгейін көтеру, экон. ортаны жақсарту. Сырқаттардың алдын алу және салауатты тұрмыс салтына ынталандыру, азаматтарды салауатты тұрмыс салтын ұстауға, дұрыс тамақтану, гигиена мен тазалық ережелерін сақтауға баулу, нашақорлық пен наша бизнесіне қарсы күресу, маскүнемдік пен темекі шегуді қысқарту, ана мен баланың денсаулығын сақтау, қоршаған орта мен экологияны таза ұстау мәселелерін қамтиды.

**Энергетикалық қорлар:** тұрақты экономикалық өрлеу үшін мұнай мен газ өндірудің және оларды шетке шығарудың көлемін жедел ұлғайту жолымен энергетикалық қорды тиімді пайдалану. Бұл стратегия: таңдаулы халықар. технологияларды, ноу-хауды және қомақты капиталды тарту, қордың тез де ұтымды пайдаланылуы үшін басты халықар. мұнай компанияларымен ұзақ мерзімді серіктестік орнату, мұнай мен газ экспорты үшін құбырлар желісінің жүйесін жасау, отын қорын пайдалану қызметінде дүниежүзілік қоғамдастықтағы ірі елдердің Қазақстанға және оның әлемдік отын берушілік рөліне ынтасын ояту бағытын ұстау, ішкі энергет. инфрақұрылымды жасау, өзін-өзі қамтамасыз ету және бәсекеде тәуелсіз болу мәселелерін шешу мәселелерін қамтиды.

**Инфрақұрылым (көлік және байланыс):** ұлттық қауіпсіздікті, саяси тұрақтылықты нығайту, экон. өрлеуді күшейту. Отандық көлік-коммуникац. кешеннің әлемдік рыноктағы бәсекелестік қабілетін қамтамасыз ету және Қазақстан арқылы өтетін сауда ағынын ұлғайту міндеті қойылған.

**Кәсіпқой мемлекет:** іске шын берілген және елдің негізгі мақсаттарына қол жеткізуде халық өкілдері болуға лайық мемл. қызметкерлердің осы заманғы қабілетті құрамын жасақтау. Бұл саладағы міндет осы заманға сай тиімді мемл. қызмет пен нарықтық экономикаға оңтайлы басқару құрылымын құру, басты мақсаттарды іске асыруға қабілетті Үкіметті жасақтау, ұлттық мүдделердің сақшысы болатын мемлекет орнату.

Президенттің жолдауында бүкіл күш-жігерді осы бағыттарға жұмылдырудың, мүмкіндіктерді шоғырландырудың және үйлестірудің келелі идеялары айқын тұжырымдалған, басқару жүйесіндегі реформаларды жүзеге асырудың әдістері мен тәсілдерін түбірімен қайта қарау қажеттілігі атап көрсетілген. Бұл қысқа және ұзақ мерзімді негізгі бағыттарды іске асыру барысында, ең алдымен, еліміздің барлық азаматтарының бостандығына кепілдік беруге, халықтың әл-ауқатын жақсартуға және ертеңгі күнге деген сенімін нығайтуға бағытталған бірден-бір бағдарламалық-стратег. ресми құжат болып табылады.

Қазақстан осы стратегиялық міндеттерді орындай отырып, 2030 жылға қарай дамыған елдердің деңгейіне жетуге, дүние жүзінің ең дамыған жиырма елінің қатарына қосылуды көздейді. Реформалар стратегиясында экон. және саяси құрамдағы ырықтандырудың өзара ажырамайтын байланыста болатындығы ескерілген. Бәсекелестік қабілеті ашық та риясыз жағдайда қалыптасқан қоғам орнату одан әрі демократияландыру арқылы өтеді, ол, түптеп келгенде, сайлауды әділ өткізуге, саяси партиялардың, парламенттің рөлін, үкіметтің мүмкіндігін күшейтуге, сот жүйесін реформалауға, БАҚ-қа еркіндік беруге, әйелдердің қоғамдағы рөлін күшейтуге саяды.

# Қазақстан Республикасының Конституциясы

## Тарихы

Қазақ АКСР Конституциясы 1926 жыл

Қазақ КСР Конституциясы 1937 жыл

Қазақ КСР Конституциясы 1978 жыл

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1993 жыл

- 1993 ж. 28 қаңтарда тәуелсіз Қазақстанның бірінші конституциясы қабылданды.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жыл

- Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданды.
- 1995 жылы 30 тамызда республикада бүкілхалықтық референдум өтті, нәтижесінде Қазақстанның жаңа Конституциясы қабылданды. Дауыс беру еліміздің қалалары мен ауылдарындағы 10253 сайлау учаскелерінде жүрді. Бұл Конституцияның 1993 жылғы Конституциядан айырмашылығы оның мазмұнының сапасында еді. Жаңа Конституцияға алғаш рет азаматтың құқығына қатысты ғана емес, адам дүниеге келген сәттен одан ажырамас құқықтарына да қатысты нормалар енді. Ол бойынша Қазақстан Республикасының Президенті саяси жүйенің басты тұлғасы болып табылады, билік тармақтарынан жоғары тұрады. Бұл президенттік басқару жүйесіндегі мемлекетке сай келеді. Парламент туралы конституциялық бөлім өзгерістерге ұшырады.
- 1995 ж. желтоқсанда екі палаталы (жоғарғы палаталы — Сенат, төменгі палаталы — Мәжіліс) Парламентке сайлау өткізілді.

Конституция құрылымы

- I бөлім. Жалпы ережелер
- II бөлім. Адам және азамат
- III бөлім. Президент
- IV бөлім. Парламент
- V бөлім. Үкімет
- VI бөлім. Конституциялық кеңес
- VII бөлім. Соттар және сот төрелігі
- VIII бөлім. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару
- IX Бөлім. Қорытынды және өтпелі ережелер

Өзгертулер мен түзетулер

- 1998 жыл
- 1998 жыл
- 1998 жыл

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

## Білім туралы

- (2015.21.07. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
  - 1-тарау. Жалпы ережелер
    - (1-3 баптар)
  - 2-тарау. Білім беру жүйесін басқару
    - (4-9 баптар)
  - 3-тарау. Білім беру жүйесі
    - (10-12 баптар)
  - 4-тарау. Білім беру мазмұны
    - (13-25 баптар)
  - 5-тарау. Білім беру қызметін ұйымдастыру
    - (26-39 баптар)
  - 6-тарау. Білім беру қызметінің субъектілері
    - (40-49 баптар)
  - 7 тарау. Педагог қызметкердің мәртебесі
    - (50-53 баптар)
  - 8-тарау. Білім беру саласындағы мемлекеттік реттеу
    - (54-60 баптар)
  - 9-тарау. Білім беру жүйесін қаржылық қамтамасыз ету
    - (61-64 баптар)
  - 10-тарау. Білім беру саласындағы халықаралық қызмет
    - (65-66 баптар)
  - 11-тарау. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық
    - (67-бап)
  - 12-тарау. Қорытынды ережелер
    - (68-бап)
- 2011.24.10. № 487-IV ҚР Заңымен бүкіл мәтін бойынша «соғысқа қатысушылар мен соғыс мүгедектеріне» деген сөздер «Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне» деген сөздермен ауыстырылды, «Оқу және тәрбие процесін», «оқу және тәрбие процесі», «оқу және тәрбие процесін», «Оқу және тәрбие процесі», «оқу және тәрбие процесінің» деген сөздер тиісінше «Оқу-тәрбие процесін», «оқу-тәрбие процесі», «оқу-тәрбие процесін», «Оқу-тәрбие процесі», «оқу-тәрбие процесінің» деген сөздермен ауыстырылды (бұр.ред. қара);
- 2013.03.07. № 121-V ҚР Заңымен бүкіл мәтін бойынша «ауыл (село)», «ауылдың (селоның), ауылдық (селолық)», «ауылдың (селоның)» деген сөздер тиісінше «ауыл», «ауылдың, ауылдық», «ауылдың» деген сөздермен ауыстырылды (бұр.ред.қара)
- Осы Заң білім беру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, осы саладағы мемлекеттік саясаттың негізгі принциптерін айқындайды және Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың білім алуға конституциялық құқығын қамтамасыз етуге бағытталған.

**Қазақстан Республикасының Тіл туралы Заңы**  
**Қазақстан Республикасындағы тіл туралы 1997 ж. 11 шілдедегі № 151-І**  
**Қазақстан Республикасының Заңы 2008.21.11.**

- 1 тарау. Жалпы ережелер (1 - 7 баптар)
- 2 тарау. Тіл - мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар (8 - 15 баптар) мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында
- 3 тарау. Тіл - білім беру, ғылым, мәдениет және (16 - 18 баптар) бұқаралық ақпарат құралдары саласында
- 4 тарау. Тіл - елді мекен атауларында, жалқы өсімдерде, (19 - 22 баптар) көрнекі ақпаратта
- 5 тарау. Тілді құқықтық қорғау (23 - 26 баптар)
- 6 тарау. Тілді шетелдермен және халықаралық ұйымдармен (27 бап) қатынастарда пайдалану

Осы Заң Қазақстан Республикасында тілдердің қолданылуының құқықтық негіздерін, мемлекеттің оларды оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай жасау жөніндегі міндеттерін белгілейді, Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарауды қамтамасыз етеді.

1 тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

диаспора - өзінің тарихи шығу тегінен тысқары елде тұрып жатқан халықтың бір бөлігі (этникалық қауымдастық);  
ономастика - тіл білімінің жалқы өсімдерді, олардың пайда болуы мен өзгеруінің тарихын зерттейтін бөлімі;  
орфография - дұрыс жазу ережесі, сөйленген сөзді (сөздер мен грамматикалық тұлғаларды) жазбаша беру тәсілдерінің бірізділігін белгілейтін ережелер жүйесі;  
топонимика - ономастиканың географиялық объектілердің атауларын, олардың пайда болуы, өзгеру, қолданылу заңдылықтарын зерттейтін бөлімі;  
транслитерация - бір графикалық жүйедегі мәтіндер мен жекелеген сөздерді басқа графикалық жүйенің құралдарымен әріппе-әріп арқылы беру.  
терминологиялық комиссия - экономиканың, ғылымның, техниканың, мәдениеттің барлық салалары бойынша қазақ тілінің терминологиялық лексикасы саласындағы ұсыныстарды әзірлейтін консультативтік-кеңесші орган;  
ономастикалық комиссия - географиялық объектілердің атауына және олардың атауларын өзгертуге бірыңғай көзқарас қалыптастыру, топонимикалық атауларды қолдану мен есепке алуды ретке келтіру, Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұрасының құрамдас бөлігі ретінде тарихи атауларды қалпына келтіру, сақтау жөніндегі ұсыныстарды әзірлейтін консультативтік-кеңесші орган;  
үкілетті орган - тілдерді дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға жауапты орталық атқарушы орган.

2-бап. Осы Заңның реттейтін мәселесі

Мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінде тілдерді қолдануға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар осы Заң реттейтін мәселе болып табылады.

Осы Заң жеке адамдар арасындағы қатынастарда және діни бірлестіктерде тілдердің қолданылуын реттемейді.

3-бап. Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңдар

Қазақстан Республикасындағы тіл туралы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан, тілдерді қолдануға және дамытуға қатысты Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Тіл туралы заңдар Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.

4-бап. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі - қазақ тілі.

Мемлекеттік тіл - мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі.

Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру - Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы.

Үкімет, өзге де мемлекеттік, жергілікті өкілді және атқарушы органдар: Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілді барынша дамытуға, оның халықаралық беделін нығайтуға;

Қазақстан Республикасының барша азаматтарының мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруіне қажетті барлық ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайларды жасауға;

қазақ диаспорасына ана тілін сақтауы және дамытуы үшін көмек көрсетуге міндетті.

5-бап. Орыс тілін қолдану

Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

6-бап. Мемлекеттің тіл жөніндегі қамқорлығы

Қазақстан Республикасының азаматының ана тілін қолдануына, қарым-қатынас, тәрбие, оқу және шығармашылық тілін еркін таңдауына құқығы бар.

Мемлекет Қазақстан халқының тілдерін оқып-үйрену мен дамыту үшін жағдай туғызу жөнінде қамқорлық жасайды.

Ұлттық топтар жинақты тұратын жерлерде іс-шаралар өткізілген кезде олардың тілдері пайдаланылуы мүмкін.

7-бап. Тілдердің қолданылуына кедергі келтіруге жол бермеу

Қазақстан Республикасында тілдік белгісі бойынша азаматтардың құқықтарын кемсітуге жол берілмейді.

Қазақстанда мемлекеттік тілдің және басқа да тілдердің қолданылуына және оларды үйренуге кедергі келтіретін лауазымды адамдардың іс-әрекеттері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соқтырады.

2 тарау. Тіл - мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарында

8-бап. Тілдердің қолданылуы

Мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс және іс қағаздарын жүргізу тілі болып табылады, орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады.

Мемлекеттік емес ұйымдардың жұмысында мемлекеттік тіл және қажет болған жағдайда басқа тілдер қолданылады.

9-бап. Мемлекеттік органдар актілерінің тілі

Мемлекеттік органдардың актілері мемлекеттік тілде әзірленіп, қабылданады, қажет болған жағдайда, мүмкіндігінше, басқа тілдерге аударылуы қамтамасыз етіле отырып, оларды әзірлеу орыс тілінде жүргізілуі мүмкін.

## 10-бап. Құжаттама жүргізу тілі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары жүйесінде, ұйымдарында, меншік нысанына қарамастан, статистикалық-есеп, қаржы және техникалық құжаттама жүргізу мемлекеттік тілде және орыс тілінде қамтамасыз етіледі. Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушылары құжаттаманы мемлекеттік тілде және (немесе) орыс және (немесе) ағылшын тілдерінде жүргізуге құқылы.

### 11-бап. Азаматтардың өтініштеріне қайтарылатын жауап тілі

Мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың азаматтардың өтініштері мен басқа да құжаттарға қайтаратын жауаптары мемлекеттік тілде немесе өтініш жасалған тілде беріледі.

### 12-бап. Қарулы Күштер мен құқық қорғану органдарындағы тіл

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, сондай-ақ әскери және әскерилендірілген құрамалардың барлық түрінде, мемлекеттік бақылау мен қадағалау, азаматтарды құқықтық қорғау ұйымдарында және құқық қорғау органдарында мемлекеттік тілдің және орыс тілінің қолданылуы қамтамасыз етіледі.

### 13-бап. Сот ісін жүргізу тілі

Қазақстан Республикасында сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал, қажет болған жағдайда, сот ісін жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады.

### 14-бап. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді жүргізу тілі

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер мемлекеттік тілде, ал қажет болған жағдайда, басқа да тілдерде жүргізіледі.

### 15-бап. Мәмілелер тілі

Қазақстан Республикасында жеке және заңды тұлғалардың жазбаша нысанда жасалатын барлық мәмілелері қажет болған жағдайда басқа тілдердегі аудармасы қоса беріліп, мемлекеттік тілде және орыс тілінде жазылады. Шетелдік жеке және заңды тұлғалармен жазбаша нысанда жасалатын мәмілелер мемлекеттік тілде және тараптар үшін қолайлы тілде жазылады.

Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушылары мәмілелерді мемлекеттік тілде және (немесе) орыс және (немесе) ағылшын тілдерінде жасасуға құқылы.

### 3 тарау. Тіл - білім беру, ғылым, мәдениет және бұқаралық ақпарат құралдары саласында

#### 16-бап. Тіл - білім беру саласында

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілде, ал ұлт топтары жинақы тұратын жерлерде солардың тілдерінде жұмыс істейтін мектепке дейінгі балалар ұйымдарын құру қамтамасыз етіледі.

Балалар үйлерінде және оларға теңестірілген ұйымдарда оқыту, тәрбие беру тілін жергілікті атқарушы органдар олардағы балалардың ұлттық құрамын ескере отырып белгілейді.

Қазақстан Республикасы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді мемлекеттік тілде, орыс тілінде, ал қажетіне қарай және мүмкіндігі болған жағдайда басқа да тілдерде алуды қамтамасыз етеді. Білім беру ұйымдарында мемлекеттік тіл мен орыс тілі міндетті оқу пәні болып табылады және білім туралы құжатқа енгізілетін пәндер тізбесіне кіреді.

#### 17-бап. Тіл - ғылым және мәдениет саласында

Қазақстан Республикасында ғылым саласында, диссертацияларды ресімдеу мен қорғауды қоса алғанда, мемлекеттік тіл мен орыс тілінің қолданылуы қамтамасыз етіледі.

Мәдени шаралар мемлекеттік тілде және қажет болған жағдайда басқа да тілдерде жүргізіледі.

#### 18-бап. Баспасөз бен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі

Қазақстан Республикасы баспа басылымдары мен бұқаралық ақпарат құралдарында мемлекеттік тілдің, басқа да тілдердің қолданылуын қамтамасыз етеді.

Қажетті тілдік ортаны жасау және мемлекеттік тілдің толыққанды қолданылуы мақсатында, олардың меншік нысанына қарамастан, телерадио арналары арқылы берілетін мемлекеттік тілдегі хабарлардың көлемі уақыт жағынан басқа тілдердегі хабарлардың жиынтық көлемінен кем болмауға тиіс.

#### 4 тарау. Тіл - елді мекен атауларында, жалқы өсімдерде, көрнекі ақпаратта

#### 19-бап. Топонимикалық атауларды, ұйымдардың атауларын пайдалану тәртібі

Елді мекендердің, көшпелердің, алаңдардың, сондай-ақ басқа да физика-географиялық объектілердің дәстүрлі, тарихи қалыптасқан қазақша атаулары басқа тілдерде транслитерация ережелеріне сәйкес берілуге тиіс.

Мемлекеттік ұйымдардың, олардың құрылымдық бөлімшелерінің атаулары мемлекеттік тілде және орыс тілінде беріледі. Бірлескен, шетелдік ұйымдардың атаулары мемлекеттік тілде және орыс тілінде транслитерация арқылы беріледі.

#### 20-бап. Кісі есімін, әкесінің есімін және тегін жазу

Кісі есімін, әкесінің есімін және тегін ресми құжаттарда жазу Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес келуге тиіс.

#### 21-бап. Деректемелер мен көрнекі ақпарат тілі

Мемлекеттік органдардың мөрлері мен мөртаңбаларының мәтінінде олардың атаулары мемлекеттік тілде жазылады.

Меншік нысанына қарамастан, ұйымдардың мөрлерінің, мөртаңбаларының мәтіні мемлекеттік тілде және орыс тілінде жазылады.

Бланкілер, маңдайшалар, хабарландырулар, жарнамалар, прейскуранттар, баға көрсеткіштері, басқа да көрнекі ақпарат мемлекеттік тілде және орыс тілінде, ал қажет болған жағдайда басқа да тілдерде жазылады.

Қазақстанда өндірілетін тауарлардың арнайы мәліметтер көрсетілген тауарлық жапсырмаларында (этикеткаларында),

таңбаламаларында, нұсқаулықтарында мемлекеттік тілде және орыс тілінде қажетті ақпарат болуға тиіс.

Шетелде өндірілген тауарлардың арнайы мәліметтер көрсетілген тауарлық жапсырмалары (этикеткалары), таңбаламалары,

нұсқаулықтары импорттаушы ұйымдардың қаражаты есебінен мемлекеттік тілдегі және орыс тіліндегі аудармасымен қамтамасыз етіледі.

Көрнекі ақпараттың барлық мәтіні мынадай ретпен: мемлекеттік тілде - сол жағына немесе жоғарғы жағына, орыс тілінде он жағында немесе төменгі жағына орналасады, бірдей өлшемдегі әріптермен жазылады. Қажеттігіне қарай көрнекі ақпараттың мәтіндері қосымша басқа да тілдерге аударылуы мүмкін. Бұл жағдайда қаріп өлшемі нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардан аспауға тиіс. Ауызша ақпарат, хабарландыру, жарнама мемлекеттік тілде, орыс және қажет болған жағдайда, басқа да тілдерде беріледі.



Қазақстан Республикасының шегінде байланыс саласында мемлекеттік тілдің және орыс тілінің қолданылуы қамтамасыз етіледі. Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге почта-телеграф жөнелтілімдері белгіленген халықаралық ережелерге сәйкес жүргізіледі.

5 тарау. Тілді құқықтық қорғау

23-бап. Тілді мемлекеттік қорғау

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл және барлық басқа тілдер мемлекеттің қорғауында болады. Мемлекеттік органдар бұл тілдердің қолданылуы мен дамуына қажетті жағдай жасайды.

Тілдің дамуы мемлекеттік тілдің басымдығын және іс қағаздарын жүргізуді қазақ тіліне кезең-кезеңмен көшіруді көздейтін Мемлекеттік бағдарламамен қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білуі қажет кәсіптердің, мамандықтардың және лауазымдардың тізбесі Қазақстан Республикасы заңдарымен белгіленеді.

Қазақстан Республикасының Үкіметі терминологиялық және ономастикалық комиссияларды және қажет болған жағдайда басқа да құрылымдарды құрады.

24-бап. Тіл туралы заңдарды бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарының бұзылуына кінәлі мемлекеттік органдардың бірінші басшылары не жауапты хатшылары немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамдары, кез келген меншік нысанындағы ұйымдардың бірінші басшылары, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

Лауазымды адамның мемлекеттік тілді білмеу желеуімен азаматтардың өтініштерін қабылдаудан бас тартуы, сондай-ақ мемлекеттік тілде және басқа тілдерде қызмет атқарылатын салада олардың қолданылуына кез келген кедергі келтіру Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа әкеліп соғады.

25-бап. Уәкілетті органның құзыреті

Уәкілетті орган:

- 1) тілдерді дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді;
- 2) тілдерді қолдану мен дамыту бағдарламасын және өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлейді;
- 3) орталық және облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдарында Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарының сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
- 4) Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарында белгіленген талаптардың бұзылуын жою туралы ұсынымдар жасайды, тиісті органдарға Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарының бұзылуына кінәлі лауазымды адамдарға тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы ұсыныстар енгізеді;
- 5) тілдерді дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтің ақпараттық, әдістемелік қамтамасыз етілуін ұйымдастырады;
- 6) терминологиялық және ономастикалық комиссиялардың қызметін үйлестіреді.

25-1-бап. Ономастикалық комиссияның құзыреті

1. Республикалық ономастикалық комиссияны Қазақстан Республикасының Үкіметі:

- 1) Қазақстан Республикасының Президентіне облыстардың, аудандар мен қалалардың атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы қорытындылар енгізу;
- 2) Қазақстан Республикасының Үкіметіне өз құзыреті шеңберіндегі табиғи-географиялық, топонимикалық, өнеркәсіптік және өзге де объектілердің атауы және олардың атауларын өзгерту туралы қорытындылар енгізу мақсатында құрады.

2. Облыстық ономастикалық комиссияларды облыстардың жергілікті атқарушы органдары:

- 1) ауылдардың (селолардың), кенттердің, ауылдық (селолық) округтердің атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту;
- 2) облыстың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті шеңберіндегі табиғи-географиялық, топонимикалық, өнеркәсіптік және өзге де объектілердің атауы және олардың атауларын өзгерту туралы қорытындылар дайындау мен енгізу мақсатында құрады.

3. Қалалық ономастикалық комиссияларды:

- 1) республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары:
- 2) қаладағы аудандардың, алаңдардың, даңғылдардың, бульварлардың, көшелердің, түйік көшелердің, парктердің, саябақтардың, көпірлердің және қаланың басқа да құрамдас бөліктерінің атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту;
- 3) республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының құзыреті шеңберіндегі табиғи-географиялық, топонимикалық, өнеркәсіптік және өзге де объектілердің атауы және олардың атауларын өзгерту туралы қорытындылар дайындау және енгізу мақсатында құрады;
- 4) облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары қаладағы аудандардың, алаңдардың, даңғылдардың, бульварлардың, көшелердің, түйік көшелердің, парктердің, саябақтардың, көпірлердің және қаланың басқа да құрамдас бөліктерінің атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы қорытындылар дайындау және енгізу мақсатында құрады.

25-2-бап. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының құзыреті

Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы:

- 1) тілдерді қолдану мен дамытудың өңірлік бағдарламасын әзірлеп, бекітеді және оның орындалуын қамтамасыз етеді;
- 2) орталық атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінің және аудандық атқарушы органдардың Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;
- 3) Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарында белгіленген талаптардың бұзылуын жою туралы ұсынымдар жасайды, тиісті органдарға Қазақстан Республикасының тіл туралы заңдарының бұзылуына кінәлі лауазымды адамдарға тәртіптік жазалау шараларын қолдану туралы ұсыныстар енгізеді;
- 4) мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған облыстық маңызы бар шаралар кешенін жүзеге асырады;
- 5) облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) ономастикалық комиссияның қызметін қамтамасыз етеді.

25-3-бап. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының құзыреті

Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы: 1) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында тілдерді қолдану және дамытудың өңірлік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлейді және оның жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

- 2) мемлекеттік тілді және басқа тілдерді дамытуға бағытталған аудандық (облыстық маңызы бар қала) деңгейдегі іс-шараларды жүргізеді;
- 3) облыстардың атқарушы органдарына ауылдардың (селолардың), кенттердің, ауылдық (селолық) округтердің атауы және олардың атауларын өзгерту, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын өзгерту туралы ұсыныстар енгізеді.

26-бап. 2004.20.12 № 13-III ҚР Заңымен алып тасталды

6 тарау. Тілді шетелдермен және халықаралық ұйымдармен қатынастарда пайдалану

27-бап. Тіл - халықаралық қызметте

# Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері

- Мемлекеттік Рәміздер – мемлекеттің тәуелсіздігін білдіретін символикалық айырым белгілері. Мемлекеттік Рәміздер белгілі бір мағына берерлік өзара үйлесімде орналастырылған жанды-жансыз заттардың бейнелерінен құрастырылады. Мұндай бейнелер үйлесімінен мемлекеттің, елдің арман-мұраты, өзін-өзі түйсінуге көрініс береді. Мемлекеттік рәміздер тәуелсіздік нышаны ретінде ерекше қадірленіп, оларға биік мәртебе беріледі, сондықтан да мемлекет адамдарға мемлекеттік рәміздерді қастерлеуді парыз етеді. Олардың түр-түсі мен ресми қолданылу тәртібі Конституцияда немесе конституциялық заңда белгіленеді (бұл Мемлекеттік Рәміздерге биік мәртебе береді) және заңмен қорғалады. Мемлекеттік рәміздерді қадірлеу азаматтардың мемлекет тәуелсіздігін құрметтеуді нығайтып, жасөспірімдердің отансүйгішілік сезімін қалыптастырады.
- Мемлекеттік рәміздер көне замандардағы ру-тайпаны қорғаушы болып есептелетін тотемдік аң-құстың бейнелерінен, рудың, әулеттің мал-мүлкіне салынған ен-таңбаларынан шыққан. Мыңдаған әскерлер соғыс майданында жаудан өз сарбаздарын ажырату үшін айырым белгілерін пайдаланды. Ортағасырлық Батыс Еуропада бет-жүзіне дейін темір сауытпен қымталған рыцарьлардың кім екенін айыру қажеттілігінен ақсүйектердің әулеттік таңбасы пайда болды. Одан бұрын көптеген көне қалалардың, қала-мемлекеттердің өз таңбалары болғаны тарихтан белгілі. Б.з.б. 3-мыңжылдықта Шумер мемлекеттерінің арыстан басты қыран бейнеленген таңбалары болған. Грекиядағы Афины үкісі, Коринфтің қанатты пырағы, Родостың раушаны, Самрстың тауыс құсы, Византияның екі басты қыраны мемлекеттік рәміздерге жатады. Өзін көк бөрінің ұрпағымыз деп санайтын түркі жұрты бөрінің басы бейнеленген көк байрақ ұстаған. Қазақ халқында әрбір рудың мал-мүлікке салатын өз таңбасы болды. Соғыс жағдайында межелі жерге әрбір рудың жасағы өз руының таңбасы салынған байрақ ұстап, хан туының астына жиналатын болған. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін оның мемлекеттік Рәміздері бекітілді;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы,
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы,
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұраны.

# *Қазақстан Республикасының мемлекеттік Әнұраны*

- **Сөзі:** [Жүмекен Нәжімеденов](#), [Нұрсұлтан Назарбаев](#)

**Әні:** [Шәмші Қалдаяқов](#)

Алтын күн аспаны,  
Алтын дән даласы,  
Ерліктің дастаны,  
Еліме қарашы!  
Ежелден ер деген,  
Даңқымыз шықты ғой.  
Намысын бермеген,  
Қазағым мықты ғой!

- Қайырмасы:
- Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төгілемін, елім!  
Туған жерім менің - Қазақстаным!
- Ұрпаққа жол ашқан,  
Keң байтақ жерім бар.  
Бірлігі жарасқан,  
Тәуелсіз елім бар.  
Қарсы алған уақытты,  
Мәңгілік досындай.  
Біздің ел бақытты,  
Біздің ел осындай!
- Қайырмасы:  
Менің елім, менің елім,  
Гүлің болып егілемін,  
Жырың болып төгілемін, елім!  
Туған жерім менің - Қазақстаным!

# Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы



Flag of Kazakhstan [Name](#) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы [Use National flag](#) and [civil ensign](#) Proportion 1:2 Adopted 4 June 1992 Designed by [Shaken Niyazbekov](#) Қазақстан Республикасының мемлекеттік Туы – Қазақстан Республикасының мемлекеттік негізгі рәміздердің бірі. ҚР Президентінің “Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы” конституциялық заң күші бар Жарлығымен (24.1.1996) белгіленген. Мемлекеттік ту көгілдір түсті тік бұрышты кездеме. Оның ортасында арайлы күн, күннің астында қалықтаған қыран бейнеленген. Ағаш сабына бекітілген тұста — ұлттық оюлармен кестеленген тік жолақ өрнектелген. [Күн](#), [арай](#), [қыран](#) және ою-өрнек — алтын түсті. Тудың ені ұзындығының жартысына тең. ҚР мемлекеттік туының авторы — суретші [Шәкен Ниязбеков](#). Бірыңғай көк-көгілдір түс төбедегі бұлтсыз [ашық аспанның](#) биік күмбезін елестетеді және Қазақстан халқының [бірлік](#), [ынтымақ](#) жолына адалдығын аңғартады. Бұлтсыз [көк аспан](#) барлық халықтарда әрқашан да бейбітшіліктің, тыныштық пен жақсылықтың нышаны болған. [Геральдика](#) ([герботану](#)) тілінде — көк түс және оның түрлі реңкі адалдық, сенімділік, үміт сияқты адамгершілік қасиеттерге сай келеді. Ежелгі түркі тілінде “көк” сөзі аспан деген ұғымды білдіреді. Көк түс [түркі халықтары](#) үшін қасиетті ұғым. Түркі және әлемнің өзге де халықтарындағы көк түстің мәдени-семиотикалық тарихына сүйене отырып, мемлекеттік тудың көгілдір түс Қазақстан халқының жаңа мемлекеттілікке ұмтылған [ниет-тілегінің](#) тазалығын, асқақтығын көрсетеді деп қорытуға болады. Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді. Күн — қозғалыс, даму, өсіп-өркендеудің және өмірдің белгісі. Күн — уақыт, замана бейнесі. Қанатын жайған қыран құс — бар нәрсенің бастауындай, билік, айбындылық бейнесі. Ұлан-байтақ кеңістікте қалықтаған қыран ҚР-ның еркіндік сүйгіш асқақ рухын, қазақ халқының жан-дүниесінің кеңдігін паш етеді.

# Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы



Flag of Kazakhstan Name Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы Adopted 4 маусым 1992 Designed by Жандарбек Мәлібеков пен Шотаман Уәлиханов Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасы — Қазақстан Республикасының негізгі мемлекеттік рәміздерінің бірі. Қазақстан Республикасының Президентінің “Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері туралы” конституциялық заң күші бар Жарлығымен (24.1.1996) белгіленген. Рәміздік тұрғыдан ҚР мемлекеттік гербінің негізі — шаңырақ. Ол — елтаңбаның жүрегі. Шаңырақ — мемлекеттің түп-негізі — отбасының бейнесі. Шаңырақ — Күн шеңбері. Айналған Күн шеңберінің қозғалыстағы суреті іспетті, Шаңырақ — киіз үйдің күмбезі көшпелі түркілер үшін үйдің, ошақтың, отбасының бейнесі. Тұлпар — дала дүлдiлi, ер-азаматтың әйгүлiгi, желдей ескен жүйрiк аты, жеңiске деген жасымас жiгердiң, қажымас қайраттың, мұқалмас қажырдың, тәуелсiздiкке, бостандыққа ұмтылған құлшыныстың бейнесі. Қанатты тұлпар — қазақ поэзиясындағы кең тараған бейне. Ол ұяқыр арманның, самғаған таңғажайып жасампаздық қиялдың, талмас талаптың, асыл мұраттың, жақсылыққа құштарлықтың кейпi. Қанатты тұлпар Уақыт пен Кеңiстiктi бiрiктiредi. Ол өлмес өмiрдiң бейнесі. Бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір суретін Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін паш етеді. Бес бұрышты жұлдыз гербтің тәжi іспетті. Әрбiр адамның жол нұсқайтын жарық жұлдызы бар. Қазақстан Республикасының мемлекеттік Елтаңбасының авторлары — Жандарбек Мәлібеков пен Шотаман Уәлиханов.

# ***Қуанышева Динара Серікқызы***

***Білімі: Жоғары***

***Туған жылы, айы, күні: 5.03.1997***

***Бітірген оқу орны: ХҚТУ 2004***

***Сымтетігі: 87780823804***

***Диплом бойынша мамандығы: Орыс тілі мен әдебиеті***

***Атқаратын қызметі: орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі***

***Еңбек өтілі: 1***

***Тәрбие бойынша ізденіп жүрген тақырыбы:***

*Білім беру жүйесін жаңарту мен жаһандану үдерісі жағдайында мектеп оқушыларын оқыту мен тәрбиелеудегі өзекті мәселелерді шешу жолдарында ата-аналардың рөлі.*